

## АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

### **БЖЗҚ салымшылары 11 миллионнан астам қызметті онлайн форматта алды**

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры 2020 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша өз салымшыларына 11,8 миллион қызмет көрсетті. 2019 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда көрсеткіштер аздап, 0,9%-ға төмендеді. Бұл ретте қауіпті вирустың таралуына жол бермеу және қызметкерлер мен халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында бірқатар шектеу шараларын қабылдауға тура келген эпидемиологиялық жағдайға және коронавирустық індетке (COVID-19) қарамастан БЖЗҚ салымшылары қызметтерді толық көлемде алуды жалғастырды.

БЖЗҚ салымшыларына көрсетілген қызметтер көлемін жоғары деңгейде сақтап қалуға Қордың электрондық жүйелерінің озық жұмыс істеуінің арқасында қол жеткізілді. Ағымдағы жылдың 1 қыркүйегіне көрсетілген барлық қызметтердің 92,4% немесе 10,9 млн. операция онлайн-форматта өткізілді. Өткен жылмен салыстырғанда электрондық қызметтердің танымалдығы 13,2% өсті. БЖЗҚ-ның сайтында да, ұялы қосымшасында да бар Жеке кабинет арқылы салымшылардың көпшілігі үйден шықпай-ақ бірқатар қызмет түрлерін ала алады, олар: жеке зейнетақы шотынан үзінді-көшірме алу, жеке зейнетақы шотының деректемелеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу, ЖЗШ-ның болуы туралы анықтама алу, 1 немесе 2 топтағы мүгедектіктің мерзімсіз уақытқа белгіленуіне байланысты зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы өтініш беру, төлемге және (немесе) көшуге байланысты берілген өтініштің орындалу мәртебесін қадағалау және т.б.

Шектеу шаралары жеңілдетіліп, Қор филиалдары күндізгі жұмыс режимінде ашылғаннан кейін қабылдауға алдын ала жазылу, желдету, ылғалды жинау және дезинфекциялау сияқты барлық қауіпсіздік шараларын сақтай отырып, салымшылардың бір бөлігіне Қордың кеңселерінде қызмет көрсетіле бастады. 2020 жылдың сегіз айында филиалдарда 820,8 мың қызмет көрсетілді.

БЖЗҚ-ның Барып қызмет көрсету бөлімдері 1 қыркүйектегі жағдай бойынша Қор салымшыларына 74,4 мың қызмет көрсетті. Қазіргі уақытта осы бөлімдер қатаң санитарлық-эпидемиологиялық шараларды сақтап, штат санының 50%-дан аспайтын санын тарта отырып, жұмыс істеуде. Бұл ретте алдын ала кеңес беру (оның ішінде қызметтерді онлайн немесе жүзбе-жүз алу мүмкіндігін тексеру) жүзеге асырылады. Міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есепке алу бойынша жеке зейнетақы шоттарын ашу (оның ішінде міндетті кәсіптік зейнетақы жарнасы есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартқа қосылу туралы өтініштер) және халықтың әлеуметтік осал топтарына жататын (1-2 топтағы мүгедектер) салымшыларға (алушыларға) барып қызмет көрсету қажеттілігі туындаған жағдайда, олар барып қызмет көрсетуді барлық санитариялық-эпидемиологиялық шараларды сақтай отырып, жүзеге асырады.

Естеріңізге сала кетейік, БЖЗҚ-ның кейбір қызметтерін «Қазпошта» АҚ Ұлттық пошта операторының 300 бөлімшесінен де алуға болады. Мәселен, салымшылар үшін бұрын жақын маңдағы ірі елді мекендерге бару қажет болған қызметтерді және БЖЗҚ-ның қызмет көрсету орталықтары жоқ ауылдардағы қызметтерді де алу мүмкіндігі пайда болды. Осылайша жыл басынан бері «Қазпошта» бөлімшелері арқылы салымшылар 2392 қызмет алды.

Айта кетейік, БЖЗҚ міндеттерінің бірі - сапалы кеңес беру қызметтерін көрсету және Қордың салымшылары мен алушылары үшін ақпараттық арналарды дамыту. Ағымдағы жылдың 8 айында өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда салымшылардың кері байланыс арналары арқылы жасаған өтініштерінің саны 2,4 есеге ұлғайды, 2019 жылдың сәйкес кезеңінде 410,7 мың өтініш берілсе, 2020 жылы 942,3 мың өтініш берілді.

БЖЗҚ салымшылары мен алушылары 1418 нөмірі арқылы (Қазақстан бойынша қоңырау шалу тегін) байланыс орталығына қоңырау шалып, кеңес ала алады. Сондай-ақ, ақыл-кеңестерді [www.enpf.kz](http://www.enpf.kz) корпоративтік сайтынан, +7 777 000 14 18 нөмірі бойынша WhatsApp және Viber чат-боттары арқылы және БЖЗҚ-ның Facebook, Instagram, ВКонтакте, Twitter Telegram,

Одноклассники әлеуметтік желілеріндегі ресми парақшаларынан алуға болатынын естеріңізге саламыз.

**БЖЗҚ** 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗҚ» АҚ негізінде құрылды. БЖЗҚ құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗҚ зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы активтерін басқару тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар жасау қызметі Қазақстан Республикасының Президенті басшылық ететін Ұлттық қорды басқару кеңесіне берілді. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗҚ міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, зейнетақы төлемдерін, зейнетақы жинақтары мен төлемдерін жеке есепке алуды жүзеге асырады, салымшыға (алушыға) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат береді (толығырақ [www.enpf.kz](http://www.enpf.kz) сайтында).